# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 тамыз Іс №7119-24-00-2/10234 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
«QONAQ KADE» дара кәсіпкері,
«Беркімбаев» дара кәсіпкері,
«Рамазан» дара кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«QONAQ KADE» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«QONAQ KADE» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 7 984 (жеті мың тоғыз жүз сексен төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 086 (екі мың сексен алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Беркімбаев» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Беркімбаев» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 438 (төрт жүз отыз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 859 (бір мың сегіз жүз елу тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Рамазан» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Рамазан» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 5 038 (бес мың отыз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 997 (бір мың тоғыз жүз тоқсан жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, олар шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 21.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.10.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 09.10.2024